

кесенесін салтанатты түрде ашуға Елбасы Н.Ә. Назарбаев арнайы келген еді. Айтылған сөзінің атқарылған іске айналғанын көрген Елбасы кесененің ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде: Біз халқымыздың рухын көтеруіміз керек. Өмірде топтасып өзінің рухына, өз тархына қарамаған халықтың болашағы жоқ”, - деген болатын.

2000 жылы Хан Жәңгір кесенесінің жанынан дәулескер күйші Дәулеткерей Шығайұлына, 2001 жылы ғалым-этнограф, Орыс географиялық қоғамының мүшесі М.Бабажановқа кесенелер тұрғызылды.

Құрамына бірнеше тарихи-мәдени және архитектуралық ескерткіштердің шоғырлануына байланысты “Бөкей ордасы тарихи музейі” Батыс Қазақстан әкімдігінің 2002 жылы 16 қаңтардағы қаулысы бойынша “Бөкей ордасы тарихи-мұражай кешені” болып қайта құрылды.

Бөкей ордасы тарихи-мұражай кешені 2003 жылы Халықаралық Музейлер қауымдастығының мүшелігіне қабылданып, Парижде тіркелсе, кешен басшысы Т.Махимов Қазақстан музейлер қауымдастығының вице-президенті болып сайланды. Бүгінде мұражай коллекциясы 15 мыңға жуықтады.

Біз Н.Ә. Назарбаевтің Бөкей орданың тарихына ерекше мән беретіндігің жоғарыда атап өткен болатынбыз. 2004 жылы мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасы қабылданған кезде батыс өңірі бойынша алғаш болып осы Бөкей ордасы тарихи-мұражай кешені енгізілген болатын. Бағдарлама негізінде қазақтың қайраткер қызы А.Оразбаева мен тұңғыш инженер-металлург М.Бегалиева білім алған, 1883 жылы салынған “Қыздар училищесі” ғимараты жаңартылып, онда 2007 жылы мұнда “Бөкей ордасында халыққа білім беру мұражайы” ашылады. Осы мемлекеттік бағдарлама бойынша Хан сарайының негізгі бөлігі мен батыс флигелі 2010 жылы бағдарламадан бөлінген қаражат есебінен тұрғызылды. Бұл ғимаратта Хан сарайы мұражайының жаңа экспозицияларын жасақтау жұмыстары жүргізілуде.

Бұған қоса “Мәдени мұра” бағдарламасы негізінде 2013 жылы кешен территориясына бұрынғы баспахана ғимараты салынып, онда “Бөкей ордасындағы қазақ баспаханасы” мұражайы ашылып, халыққа қызмет көрсетуде [4, 6-23 бб.].

Бөкей ордасы – жеті жұрт жайлап-қонған қасиетті мекен, құтты қоныс. Екі ғасырлық тарихында талай тартысты өткеріп, бабалар көзіндей бізге жеткен баға жетпес байлығымыз. Хан ордасын ашық аспан астындағы музейге айналдыруға мүмкіндіктер бар. Егер “Бөкей ордасы тарихи-мұражай кешені” негізінде “Бөкей ордасы тарихи-мәдени және этнографиялық қорық музейін” ашсақ, туризм саласының дамуына қосар үлесі сүбелі болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейорда ауданы. Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері / Жалпы ред. басқарған, т.ғ.д., проф. М.Н. Сдықов. – Орал, 2009. – 192 б.
2. Қарабалин Ғ. Бөкей хандығы: 200 жыл // Қазақ тарихы. – 2001. – № 6. – 34 -36 бб.
3. Аханқызы К. Хан Жәңгір // Ұлағат. – 2003. – № 1. – 3-10 бб.
4. Махимов Ғ. Бөкей ордасы: Музей ісі – өткені, бүгінгісі, болашағы // Мәдени мұра. – 2015. – № 6. – 6-23 бб.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨРМЕ ТАРИХЫ ЖӘНЕ АСТАНАДАҒЫ «ЭКСПО-2017»

Сабытаева Н.О.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Жұмабеков Ж.А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Менің алып отырған тақырыбым қазіргі таңдағы үлкен көрмелердің бірі және де әлемдік мәселелерді шешетін жиналыстардың бірі - Экспо. Дүниежүзілік көрме (ағылш. *World's fair*) немесе *Экспо (Expo)* индустрияландырудың нышаны және

техникалық, технологиялық табыстарды көрсету үшін ашық алаң болып табылатын халықаралық көрме [1].

Бүкіләлемдік көрмелерді өткізу орны мен олардың тақырыбы саяси, экономикалық, жағрафиялық және мәдени ерекшеліктерді ескере отырып анықталады. XIX ғасырда, Өндірістік революциялар, романтизм және позитивизм қоғалыстары кезеңінде көрме қозғалысын дамытуға қолайлы жағдайлар туындады. Өзінің құрылғанынан бастап Көрмелер халықтар арасындағы ынтымақтастыққа ұмтылды; сондықтан олар бір мезгілде «витрина» және адамзат прогресімен байланысты мәселелерді талқылау жөніндегі форумдар болып табылды.

Бүгінгі күннен бастап олардың тұрғысынан қарастыра келе, бүкіләлемдік көрмелер – бұл, белгілі бір деңгейде ұлттық формалардағы шоғырланған түрде бейнеленген адамзат дамуының тарихи ретроспективасы деп пайымдауға болады. Бүкіләлемдік көрмелерде ұсынылған экспонаттардың талдаулары, құндылықтар мен басымдықтарды, сондай-ақ олардың жеке елдерде үстемдік ететін басымдықтарымен қатынастарының жүйесі туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Осы құндылықтардың серпінділігі бүкіләлемдік көрмелердің ұлттық өнеркәсіп пен мәдениеттің дамуына белгілі бір ықпалы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Әр бүкіләлемдік көрме экспонаттардың және идеялардың бірегейлігімен, ұйымдастырушылар және қатысушылардың тұрғызған кешендер мен павильондардың өзінділігімен, өткізілетін шаралардың көркемділігі және мерекелігімен ерекшеленеді. Бүкіләлемдік көрмелер өзінің ауқымы, жалпы-саяси және экономикалық мәнділігі бойынша теңдессіз оқиғалар болып табылады. Олардың басты мақсаты – жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер, даму келешегі, сондай-ақ қатысушы-елдердің дәстүрлері мен тарихының жұрт алдындағы шеруі. Олар көп жерде халықаралық экономикалық және ғылыми байланыстардың дамуы мен кеңеюіне ықпал етеді. Бүкіләлемдік көрмелер әр-түрлі елдерде тұратын, бірақ бірдей құндылықтар, мүдделер және мақсаттармен біріккен адамдардың араласуының бірегей мүмкіндігін сыйлайды.

Бүкіләлемдік көрмелер тарихы 1851 жылы Лондонда өткізілген «Барлық халықтардың өндірістік жұмыстарының ұлы көрмесінен» басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда.

1928 жылы Парижде көрме қызметін реттеу мақсатында Халықаралық көрме бюросы (ХКБ) құрылды. Бүгінгі күні ол өте ежелгі және өкілетті халықаралық құрылымдардың бірі (оған 166 ел мүше). Халықаралық көрме бюросы халықаралық көрмелер принциптері мен мақсаттарының сақталуын, халықаралық қызметтесу шеңберінде білім беру, инновациялар саласында, жалпыадамзат мәселелері бойынша пікір алмасу жөніндегі ғаламдық сұқбат-кездесулер ұйымдастыруды қадағалайды [2].

Ол ең алғаш рет 1851 жылы Лондонда Гайд-паркте Альберт ханзаданың бастауымен өткізілді. Бұл көрме Джозеф Пакстонның Хрусталь сарайымен танымал болды. Осы өткізген уақыттан бастап есептегенде 2017 жылы 166 жыл толады екен. Лондон көрмесінен кейін ЕХРО үздіксіз дәстүрлі түрде жүргізіліп келеді және оны өткізуге Қазақстан да өз ниетін білдірген болатын. Бұл оқиға 2017 жылға жоспарлануда, оның шешімі 2012 жылдың желтоқсан айында жарияланды. Қазақстан (Астана) көрмесі Бельгияның (Льеж) көрмесімен бақталастырып тұрған болатын, бірақ, дауыс басымдығымен жеңіске жетіп көрме өткізу мүмкіндігін ұтып алды. Иә, бұл жерде "Астана қалай, қандай басымдықтарымен, қандай артықшылықтарымен Бельгиялық Льеж қаласын басып озды?" - деген сұрақтар туындайды. Қандай артықшылықтарымен басым дауыс жинағанын айтар болсам, Қазақстан осыған дейін Экспо көрмелерінің 4 -еуіне өз павилонын орнатқан болатын, "Баламалы энергия" атты. Тақырыбына байланысты және де географиялық-экологиялық орнына байланысты да қолайлы орын болды.

Өткен 160 жыл өндірушілер және олардың тауарларын жалпы халықаралық қараудың маңыздылығы мен мақсатқа лайықтылығын растады, бұған көптеген елдерде жыл сайын өткізілетін көптеген көрмелер және жәрмеңкелермен қатар, анағұрлым жарқын, әрі беделді бүкіләлемдік көрмелер қала беретіндігі куә. Әрине, осындай үлкен мерзім ішіндегі мұндай

көрмелердің мазмұны мен сипаты едәуір өзгерген болар, бірақ оларға деген ерекше ілтипат пен абыройы сол күйінде қала берді.

ЕХРО экспонент елдердің әділ әрі ашық бәсекелесуіне арналған әлемдік ең беделді алаң болып табылады. Көрменің біздің елде өткізулуі Қазақстанға экономиканы диверсификациялауға, өндірістік қуаттар мен ғылыми базаны жаңғыртуға, елімізге жаңа технологиялар мен инвестицияларды тартуға ықпал етеді. Осындай көрмені өткізу әлемдік бірлестікке біздің елдің әлеуметтік жауапкершілігін көрсететін жақсы мүмкіндік болып табылады. Бұл тікелей экскурсиялардың дамуымен тығыз байланысты болып отыр. Сонымен қатар көрмелер мемлекет үшін экономикалық табыс көзі болып табылады. Көрме — экономика, ғылым, техника, мәдениет, өнер және т.б. қоғамдық салалардағы жетістіктерді жариялап көрсететін демонстрация. Бұл ұғым сол іс-шараны немесе оның өткізілу орнын сипаттайды. Көрменің көптеген түрлері бар: жергілікті, ұлттық, халықаралық, дүниежүзілік, жалпы және салалық. Салалық көрмелерге көркемөнер, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық көрмелері жатады. Уақытына байланысты көрмелер уақытша және тұрақты болып жіктеледі. Көрмелер кез келген елдер мен халықтар үшін үлкен тәрбие мен нәтижеліліктің көрінісі болып табылады.

Бүкіләлемдік көрмелерге қатысуға дарынды ақындар, суретшілер, мүсіншілер тартылды. Вагнер, Штраус, Верди көрмелерге арнап арнайы музыкалық шығармалар жазды. Көрмелер академиялық мәнердегі суретшілермен қатар батыл авангардистер өз жұмыстарын ұсынатын тамаша көркемсуретті галереяларға айналды. 1867 жылы Мане Париждегі Бүкіләлемдік көрменің суреттерін салса, 1939 жылы Дали Нью-Йоркте сюрреализм павильонын рәсімдейді, ал 1937 жылы Пикассо Париждегі көрмеде ХХ ғасырдың символына айналған «Герниканы» ұсынды.

1851 жылы Лондонда алғаш рет Бүкіләлемдік көрме қаланың орталығындағы барлық экспонаттар сыятын БІР ҒИМАРАТТА өткізілді. Ол үшін сол кезде жаңалық болып табылатын Хрусталь сарай салынды. Оның тіреу құралдарының оранжереясы өзінің жаңалығымен инженерлік конструкциямен, «Виктория Рения» алы кувшикасындағы қайталанытын суреттерімен ерекшеленді.

1855 жылдан бастап Бүкіләлемдік көрмені бір ғимаратта өткізу концепциясы ескіріп, көрме кеңістігін ұйымдастырудың жаңа нысаны – көрме алаңдары туындады. Сөйтіп, халықаралық көрме қалашықтары пайда болады. 1893 жылғы Чикагодағы “Ақ қала” осындай қалалардың алғашқы қарлығашы. Көрмелеуді бұлай ұйымдастыру салынған нысанарды келешекте де пайдалануға мүмкіндік береді: экспозициялар көлдің айналасынағы арналар мен салаларда орналасты.

Бүкіләлемдік көрмелерде ұсынылған өнерлер арасында маңызды орын сәулетке берілді. Көрмені қабылдаған қалалар заманауилықтың, техникалық прогрестің, және бүкіл әлемге танымалдықтың белгісі болуға лайықты бірегей ғимараттар салуға тырысты: Брюссельдегі Атомиум, Барселонадағы Монжуич Ұлттық сарайы, Париждегі Эйфель мұнарасы...[3.]

«Экспо көрмесінің» өзі бір спектакль, мәдени және шығармашылық оқиғалар ретінде орын алып жатқан «әлемдік дегейдегі театр сахнасы» іспетті. Келушілерге Бүкіләлемдік көрмелердің мұрасы мен тарихы ұсынылды. Олар көңіл көтерудің жаңа нысандарының пайда болуымен байланысты ғажайып және қызықты оқиғаларға толы болатын: Ауа шарымен, дирижабльмен саяхат, кинематографтағы алғашқы қадамдар...

Көрермен Бүкіләлемдік көрмелерге ғылыми сабақ және жаңа білім алуға емес, көңіл көтерудің жаңа түрлерімен танысуға, ғажайып заттарды тамашалауға деген құлшыныспен келетін. Осылай ХІХ ғасырдың соңғы үшінші бөлігінде қазіргі аттракциондардың алғашқы нұсқалары пайда болды.

Бүкіләлемдік көрмелердің пайда болуы және қалыптасуы қарқынды ғылыми-техникалық прогрес жылдарына келді. Түрлі ғажайып механизмдер мен лайықтандырылған қарапайым құралдар – лифтер, транспортерлер, тігін машиналары, сондай-ақ телеграф, электр жарығы, тоңазытқыш қондырғылар, роботтар – заманауи адамға үйреншікті өнертабыстар - әр жылдары Бүкіләлемдік көрмелерде алғаш рет ұсынылған болатын.

Дегенмен Бүкіләлемдік көрмелер – жұмыс және пікірталас орны, әлемдік мәселелерге назар аудару мүмкіндігі. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдегі көрмелерде технологиялық прогрестің өмірмен және тұрақты дамумен үйлесімдікке деген талпынысы көрініс табады.

Бүкіләлемдік көрмелер ХІХ ғасырда экономика мен сауда-саттықтың бұрын-соңды болмаған өсуінің толқынында пайда болды. Ол уақытта Өндірістік революция кезеңіндегі империалистік әлем билеуші Европа болатын.

Бүкіләлемдік көрмелер – өзінің масштабы, жаңашылдығы және келушілер саны бойынша бірегей оқиғалар. Бүгінгі күні ХКБ 166 мемлекет мүше, олардың барлығы өз елінде Экспо-ны қабыладап осындай елеулі оқиғаны өз жерінде өткізгісі келеді.

Жылдан жылға Қазақстан жалпыға танымал ірі аймақтық форумдардың орталығына айналып келеді. Осы арқылы өзінің халықаралық беделін нығайтуда. Сондай-ақ, бүгін ол 2017 жылғы мамандандырылған ЕХРО көрмесін Орталық Азия аумағында алғашқы болып өткізуге үміткер. Қазақстанның ЕХРО-2017 көрмесі үшін ұсынған тақырыбы – Болашақ энергиясы.

Бұған дейін Қазақстан ЭКСПО Бүкіләлемдік әмбебап көрмелерінде өз павильонын орнатты. Қазақстан өз павильонын мәдениет пен ғылымдағы, бизнес пен туризмдегі дәстүрлерге және инновацияларға сәйкес құрды. Павильон су тақырыбына арналып, Қазақстан тарихы мен дәстүрлері, оның заманауи өмірі және болашақ перспективалары туралы әңгімеледі. Біздің павильон 6 аймақтан тұрды. Келушілер бүкіл павильондар бойынша көрсетілген интерактивтік шоууды тамашалады және оған қатысты. Қазақстан павильоны ол кезде «Болашақ энергиясы» тақырыбы бойынша ЭКСПО-2017 көрмесін өткізуге үміткер қала Астанаға ерекше назар аударды.

Экспо-2017 10 маусымда басталып, 10 қыркүйекте аяқталады. Астанадағы көрме "Болашақ энергиясы" деген атпен өтеді. Ұйымдастырушылар әлемнің әр түкпірінен бес миллионға жуық адам келіп қатысады деген болжам бар. Тетігін таба білсек, тиімді екені даусыз. Экспо-2017 - біз үшін үлкен мүмкіндік. Мысалға айта керер болсақ, Париждегі Эйфель мұнарасын алайық. Бұл мұнараның Экспо көрмесі аясында орнатылғаны белгілі. Міне сол мұнара секілді Экспода Астанаға да биік, көркем сәулет туындысын орнатары сөзсіз. Осы бір ғана мұнара әлем халықтарының қызығушылығын туғызып, шет елдік туристердің елімізге ағылуына жағдай жасайды. Экспо-2017 ел бюджеті үшін шығын деп ойламай, инвестиция ретінде қарауымыз керек. Бұл ірі халықаралық шараны дұрыс қолданған жағдайда біз көптеген жетістіктерге жетеміз. Атап айтар болсам, қала көркейеді; ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға болады; әлемнің озық жаңа үлгідегі технологиялары мен техникасының қай бағытта қалай дамып бара жатқандығына куә боламыз; технологиялық прогреске әкеледі; салынған зерттеу орталықтары, жаңа жобалар мен ғимараттар Экспо біткеннен кейін де халық қажеттілігіне жарап, қызмет етеді; кәсіпкерлерге пайда әкеледі; туризмнің дамуына септігін тигізеді; жастарға үлкен тәжірибе береді, тек жастарға ғана емес мемлекет үлкен тәжірибеден өтеді. Бұл дегенім, Қазақстанның экономикасының дамуына әкеледі, яғни "дамыған 30 елдің" қатарына қосылуымызға "ұлы" мүмкіндік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Иллюстрированная история мира: с древнейших времен до наших дней: в 8 т.: пер. с англ. - М. : Слово. - Т.8 : Современный мир / Стивен Хоар. - 1994. - 78 с.
2. Всемирная выставка // www.kk.m.wikipedia.org
3. История Всемирных выставок // www.expo2017astana.com